

БӨЛІМ: ТЕХНОЛОГИЯ

ТҮКТІ КІЛЕМ ТОҚУ ӘДІСІ.ЭСКИЗ БОИЫНША ТОҚУ

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/63094/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

КАЛДЫБАЕВА А

Сабақтың тақырыбы: *Түкті кілем тоқу әдісі. Эскиз бойынша тоқу.***Сабақтың
мақсаттары:**

Білімділік: Білімгерлердің білімін, дүние танымын кеңейту, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге үйрету. Түкті кілем тоқуды меңгерту.

Дамытушылық: Оқу процесінде білімгерлердің белсенділік рөлін жоғарлату, өзіне қажетті ақпаратты саралай білетін қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Еңбекті сүйеге, тазалыққа және техникалық қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Сабақтың типі: *Білім,білік,дағдыны жетілдіру сабағы.***Сабақтың****түрі:***Түсіндірмелі*

—

иллюстративті

Оқыту әдісі: *Көрсету, түсіндіру, нұсқау беру.*

Пәнаралық байланыс: *халық ою-өрнектері, сурет, композиция*

Көрнекі - құралдар: *Арнайы жасалған қол станогі, түрлі-түсті тоқыма жіптері және арқау жіптері, нықтаушы тарақ,сызғыш, қайшы және салынатын өрнек эскизі.*

Сабақтың әдістемелік жабдықталуы: *Даналық сөздер, дайын материалдар, слайд арқылы кілем түрлерін көрсету.*

Сабақты жүргізудің барысы, мазмұны:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

А) Білімгерлермен сәлемдесу, түгендеу, қажетті құрал-жабдықтарының толықтығын тексеру.

2. Өткен тақырып бойынша оқушылардың білімдерін өзектілеу:

А) Білімгерлермен бірлесе отырып жұмыстың көлемін, сапасын қарау, талқылау. Жіберілген қателерін анықтау, оларды түзету жолдарын табу.

Ә) Кілемнің шығу тарихы ?

Б) Кілем түрлері?

В) Жұмысты бастау үшін алдымен бізге не қажет?

Г) Кілем неше жіптің айқасуынан пайда болады, оларды қалай атаймыз?

3. Сабақтың теориялық бөлімі:

Білімгерлермен бүгінгі сабақты бастамас бұрын қауіпсіздік ережесін естеріне түсіріп өту, сұрақ- жауап арқылы білімдерін тексеру.

А) Кілем тоқу кезінде ең бірінші неге мән береміз?

— Тоқыма станогын үстел үстіне тиянақтап орналастыру керек.

— Қайшыны жолдасына үшкір ұшымен бермеу керек;

— Қайшыны тек оң қолымен ұстаған жөн;

— Тарақты тоқыма станогынан 3см артық көтерме, тарақтың салмағы 0,5кг сондықтан арқау жібін нықтау кезінде сақ болу керек; — Тоқылу әдістерін

біркелкі жүйеде жасау керек; —

Тоқылу кезінде бұйымымыз тартылып қалмауы үшін екі шетінен жіпті тартып байлап қою керек.

Б)

ұқыптылықты



табандылықты



шыдамдылықты



ептілікті

талғамды

--	--	--	--	--	--


Білімгерлер бүгінгі күні сіздермен бірлесе отырып жұмысымызды жалғастырамыз, яғни, эскиз бойынша түкті шалу. Тоқу барысы (слайд).

3. Сабақтың практикалық бөлімі:

- 1) Әр оқушының жұмысын қадағалау, бағыт-бағдар беру.
- 2) Қазақтың ұлттық өю-өрнегін қолдана отырып білімгерлер, жұмыстарын әсем, сәнді, етіп көрсетеді.
- 3) Ою-өрнектерді үйрену негізінде эстетикалық талғамын көрсету.
- 4) Слайд шоу
- 5) Білімгерлердің өзіндік жұмыстары.

4. Сабақты бекіту:

Тықыр кілем өткізбе әдісімен тоқылады. Адам, табиғат көріністерін бейнелеуге болады. Греция, Литва, Молдова, және елімізде дамыған.

 Оқушылармен «Венн диаграммасын» толтыру арқылы өткен сабақ пен жаңа сабақты бекітемін.

Кілем шалу әдісімен орындалады. Түкті кілем үйге сән береді, жылы. Әр елдің өзінің ұлттық өрнегі көрсетіледі. Көбіне табиғатты ұлттық ою-өрнектермен байланыстырады.

Сәнді қолданбалы өнер. Екеуі де қабырғаға ілінеді және жерге төселеді, жылы. Иірілген жіппен тоқылады.



5. Оқушылардың білімін бағалау: Оқушылардың алған білімдері мен біліктерін тексеру. Тест сұрақтары

1) Кілем түрі

А) Гобелен

Ә) Дебіскі

Б) Бітпес

2) Гобелен деп...

А) Шиді тоқу

Ә) Кілем тоқу

Б) Сырмақ сыру

3) Кілемге қажетті құрал-жабдықтар

А) Біз және жібек жіптер

Ә) Бастырма салмақ

Б) Қайшы, жіп, станок

4) Халықтардың кілем түрлері

А) Адай, түркімен, кавказ

Ә) Палас, шалша

Б) Аққу, қызғалдақ, ботакөз

5) Кілем жіптері

А) Оң-теріс иірілген жіптер

Ә) Машина жіптері 10, 40

Б) Түр жіп, арқау жіп, күзу жібі

6) Гобелен тоқитын суретші шебер

А) О.Таңсықбаев

Ә) Б.Зәуірбекова

Б) А.Ғалымбаева

7) Кілем түгін тегістеп қиюға пайдаланылатын жабдық

А) Қайшы

Ә) Тоқпақ

Б) Кесермен пышақ

8) Тоқылған кілемдердің сапасы мен түрі, түсі өте жоғары бағаланған аймақ.

А) Орта Азия мен Қазақстан территориясы

Ә) Үнділер мен малайзия

Б) Лондон және латвия

9) Дүние жүзіндегі ең үлкен кілемнің көлемі және ең алғаш тоқылған мемлекеті мен жылы

